**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ
РАЙЫМБЕК БАТЫР АТЫНДАҒЫ №50 «ҚАЗҒАРЫШ»
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ
№2 ӨНЕР МЕКТЕБІ**

# Домбыра үйрену

*Жұмыс дәптері*

**3-сынып**

Нұр-Сұлтан, 2020

Қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысында қарастырылып, Республикалық Сараптамалық кеңесте қарастыруға жіберілді (хаттама №1, 24.08.2020ж.)

**Пікір берушілер:**

1. 1. Б.А.Абенов., дәстүрлі музыка өнері факультеті, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымының магистрі, Қазақ Ұлттық Өнер университеті

2. Иманқұлова Р.Т., директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

**Құрастырушылар:** Алхожаева Н.К. , Дуйсенгазиев Б.Б. Домбыра үйрену. Жұмыс дәптері - Нұр - Сұлтан, 2020. - 34 б.

«Домбыра үйрену» жұмыс дәптері домбыра факультеті таңдау пәнінің 3-ші сынып оқушыларына арналған. Жұмыс дәптерінде оқушылардың осы сыныпта игерілетін шығарманың ноталары мен сандық нота нұсқалары жүйелі түрде берілген. Бұл жұмыс дәптері домбыра аспабын оқушылардың сауатты игеруіне, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған.

Мазмұны

1-сабақ………………………………………………………..………. .6
2-сабақ……………………………………………………………….8
3-сабақ……………………………………………………..………10
4-сабақ………………………………………………………...……11
5-сабақ……………………………………………………...………12
6-сабақ……………………………………………………………...13
7-сабақ……………………………………………………………...14
8-сабақ……………………………………………………………...15
9-сабақ……………………………………………………………...16
10-сабақ……………………………………………………………17
11-сабақ……………………………………………………………18
12-сабақ……………………………………………………………19
13-сабақ……………………………………………………………20
14-сабақ……………………………………………………………20
15-сабақ……………………………………………………………21
16-сабақ……………………………………………………………21
17-сабақ……………………………………………………………22
18-сабақ……………………………………………………………23
19-сабақ……………………………………………………………23
20-сабақ……………………………………………………………24
21-сабақ……………………………………………………………24
22-сабақ……………………………………………………………25
23-сабақ……………………………………………………………25
24-сабақ……………………………………………………………25
25-сабақ……………………………………………………………27
26-сабақ……………………………………………………………27
27-сабақ……………………………………………………………28
28-сабақ……………………………………………………………29
29-сабақ……………………………………………………………29
30-сабақ……………………………………………………………30
31-сабақ……………………………………………………………30
32-сабақ……………………………………………………………32
33-сабақ……………………………………………………………32
34-сабақ …………………………………………………………...32
Пайдаланылған әдебиеттер ..........................................................33

**ЖАС ДОС!**

**Құрметті оқушылар, қазақтың музыкалық аспаптарының ішінде домбыра аспабы халықтың жүрегінен ерекше орын алатынын музыка пәнінен жақсы білесің. Бұл «Жұмыс дәптерде» домбыра үйренудің алғы шарттарымен қатар нота сауатыңды жетілдіресің, түрлі қызықты жаттығуларды орындайсың. Домбыра аспабын ойнауды игересің. Жұмыс дәптерде игерілетін шығармалардың сандық нұсқалары берілген.**

**«Домбыра – қазақтың жаны» деп бекер айтылмаса керек. Аспапты игеру арқылы ата-бабамыздың бізге аманат еткен домбырасын болашаққа жеткізуші өзің боласың.**

## Шартты белгілер мен таңбалар:

**П** – қағысты төмен алу, яғни төмен қағыс.

**V** – қағысты жоғары алу, яғни жоғары қағыс.

**<u>2 4 5 7</u>** – төменгі, ішектегі пернелердің таңбалануы
**0 5 5 5** - жоғары, ішектегі пернелердің таңбалануы

**1, 2, 3, 4 -** сол қол саусақтарының таңбалануы

**б** – сол қолдың бас бармағының жоғарғы ішекке таңбалануы

**4/4** – күйдің өлшемі, яғни саналуы(1-ге,2-ге,3-ке,4-ке деп санау)

 - сөйлемнің ұзақтығы және 4-тік, 8-дік өлшемдер

 - тапсырмалар, шығарманы аспапта ойнау

 - музыкалық анықтама

 - музыка тыңдау

 - оқу

 - ойлану, жұмбақтар

 - сұрақтар

 - ән айту

**1-сабақ**

## Кіріспе. Домбыра аңызы



**Домбыра** — қазақтың ұлттық аспабы.

### Аңыз әңгіме

Ертеде бір аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етіпті. Бірде қанжығасы майланып, теңбіл марал атып алады. Оны етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтарып, алып тастайды. Содан арада айлар өткен соң әлгі жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп, баяғы теңбіл маралды атқан маңға бет алады. Сол сәтте құлағына бір ызыңдаған дауыс естілгендей болады. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызыңдаған дыбыстың содан шығып тұрғанын аңғарады. Бұтақтарға керіле кепкен оны сәл ғана

жел тербесе ызыңдап, әдемі әуен шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді. "Мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын" деген оймен оны үйге алып келеді. Сөйтіп, ағаштан бір аспап жасап, соған әлгі қос ішекті тағады. Тартып көрсе, шынында да тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Ерекше үн мергеннің ғана жанын жадыратып қоймай, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша бұл көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналған деседі...



**Аңшы** — аң аулауды кәсіп еткен адам. Оны құсбегі деп те атайды**.**



**Тапсырма.** Өлеңді жаттап ал.

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Нағыз қазақ қазақ емес,
Нағыз қазақ — Домбыра!

*Қадыр Мырза Әлі*

**2-сабақ**

## Домбыра аспабының құрлысы



Домбыра аспабын қарағай, шырша, қайың, қызыл ағаштан жасайды.



Қарағай - мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш кейде бұта. Еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездеседі. 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді.

## 3-сабақ

## Домбыраны дұрыс ұстау тәртібі

Адамның дене мүшелерінің атауы.




## Домбырада дұрыс отыру әдебі.



**4-сабақ**

**Оң қол және сол қол саусақтарының таңбалануы**

Сол қол саусақтарының таңбалану реті: бас бармағы «б» әрібімен, басқа саусақтар 1, 2, 3, 4 сандарымен таңбаланады.




Оң қолдың саусақтарының атауы: бас бармақ (б.б), сұқ саусақ (с.с), ортаңғы саусақ (о.с), аты жоқ саусақ (а.ж.с), шынашақ (ш).



**5-сабақ**

**Оң қол және сол қол саусақтарының қойлымы. Қағыс түрлері**



**Тапсырма.** Оң қол саусақтарының орналасуын суреттен қара.





Оң қол қолмен дұрыс қағыс жасау.





**6-сабақ**

## Оң қол және сол қол саусақтарының қойлымы. Қағыс түрлері (жалғасы)

Қағыс түрлері  ноталық жүйеде де, сандық жүйеде де былай белгіленеді.



**П - төменгі қағыс**
**V – жоғары қағыс**

Сандық нотада  домбыраның астыңғы ішегі 1-ішек, үстіңгі ішегі 2-ішек деп аталады.



**Тапсырма.** Жаттығуларды орындау.

**1-жаттығу.**

**П V П V / П V П V / П V П V / П V П V**
**1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге**

**2-жаттығу.**

**П П V V / П П V V / П П V V / П П V V**
**1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге 1-ге, 2-ге**

**7-сабақ**

**Сандық нота**

**Нота ұзақтықтары.**





**Төрттік нота.** Ұзақтығы 1-ге.



**Сегіздік нота.** Ұзақтығы 1.



**Он алтылық нота.** Ұзақтығы 0,5



**Тапсырма.** Нота ұзақтықтарын қолыңды шапалақтап сана.

**1.**






**2.**





**8-сабақ**

## Сандық нота (жалғасы)



Музыканы қайталау белгісі — **реприза** деп аталады.



**Нота өлшемдері.**
Нота өлшемі музыкадағы әуен жолдың көлемін білдіреді.





**Тапсырма.** Берілген өлшемдерді қол шапалағы арқылы анықта.









**9-сабақ**

**Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығулар**



**Тапсырма:** Жаттығуларды аспаппен орында.

**1-жаттығу.**



## 2-жаттығу



## 10-сабақ

## Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығулар (жалғасы)



**Тапсырма.** Жаттығуларды аспаппен орында.

## 1-жаттығу



## 2-жаттығу



## 11-сабақ.

## Оң қол және сол қол саусақтарына арналған жаттығулар (жалғасы)



**Тапсырма.** Жаттығуларды сандық нотаға қарап аспаппен орында.

### 1-жаттығу



### 2- жаттығу



**12-сабақ**

**Халық әні «Еркем-ай»**







**Тапсырма.** Орындау.

**Еркем-ай.**

*Халық әні.*

Айт дегенде өлеңді аңырмаймын, еркем-ай,
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын, еркем-ай.

Еркем, еркем, еркем-ай,
Еркелеген еркем-ай.
Бүгін болған мерекең,
Болсың тағы ертең-ай.

Қайда жүрсем жақсының жанындамын, еркем-ай,
Іздегенмен жаманға табылмаймын, еркем-ай.



1.«Еркем-ай» әніндегі сөздерге зейін қой.
2. Қандай баланы ерке дейміз?

**13-14-сабақ**

**Халық әні «Еркем-ай» (жалғасы).**



**Тапсырма.** Шығарманың бірінші бөлігін сандық нота нұсқасы арқылы аспаппен орында, жатта.

**«Еркем-ай»**

*Халық әні*





**Тапсырма.** Аспаптың бөлшектерін толықтырып сал. Суретті аяқта.



**15-16-сабақ**

**Халық әні «Еркем-ай» (жалғасы)**



**Тапсырма.** Шығарманың екінші бөлігін сандық нота нұсқасымен мәнерлеп ойна, жатта.





**Жұмбақтың шешуін тап.**

Тиіп кетсе жылаған,
Дауысы көпке ұнаған.

(*домбыра*)

**17-сабақ.**

**«Құттықтаймын мама, туған күніңмен»**





**1-тапсырма.** Музыка тыңдау және орындау.

**Құттықтаймын мама, туған күніңмен!**

Әнін жазған: Н.Тілендиев
Сөзін жазған: М.Мақатаев

Нұрын төккен маған,
Шуағымсың - сен!
Айналайын мама,
Қуанышынмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым сен!
Құттықтаймын сені,
Туған күніңмен!

Қайырмасы:
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

Аялаған мені
Ән қанатыңмен
Құттықтаймын сені
Салтанатыңмен!
Бакытты ғой заман
Қандай көңілді.
Мен тілеймін саған
Ұзақ өмірді.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің анаңның туған күні қашан?
2. Анаңның туған күніне қандай жақсы тілек айтасың?

**18-19-сабақ.**

**«Құттықтаймын мама, туған күніңмен» (жалғасы)**



**1-тапсырма.** «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» шығармасының бірінші бөлігін сандық нота нұсқасы бойынша аспаппен орында, жатта.





**2-тапсырма.** 1. Суретті түрлі-түсті қарындашпен боя.
2. Суретке ат қой.



## 20-21- сабақ

### «Құттықтаймын мама, туған күніңмен» (жалғасы)



**1-тапсырма.** «Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» шығармасының екінші бөлігін сандық нота нұсқасы бойынша аспаппен орында, жатта.





**«Алып - анадан туады»** (халық даналығы)

Анаңның саған айтқан бесік жыры есіңде ме ?

**22-23-24сабақ.**

**«Құттықтаймын мама, туған күніңмен» (жалғасы)**



**1-тапсырма.**

1.«Құттықтаймын мама, туған күніңмен!» шығармасының әуенін толықтай аспаппен орында.

2. Әнді сөзімен бірге орында, жатта.









**2-тапсырма.** Үйренген шығарманы анаңның туған күніне орындап бер.

**25-26-сабақ**

**Қайталау сабағы**



**1-тапсырма.** Өткен сабақтарда үйренген шығармаларды қайтала.





**2-тапсырма.** Берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Домбыраның құрлысын атаңыз.
2. Домбырада неше перне бар?

3. Домбырада неше ішек бар?
4. Бірінші ішек қайсысы?
5. Екінші ішек қайсысы?
6. Астыңғы ішек сандық нота жазбасында қалай жазылады?
7. Реприза деген не?
8. Сегіздік нотаның ұзақтығы нешеге саналады?
9. Төрттік нотаның ұзақтығы нешеге саналады?
10. 2/4 өлшемінде неше төрттік нота бар?

**27--сабақ**

**«Біз өмірдің гүліміз»**



**«Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол»**

(*халық даналығы*)



**Тапсырма.**
1.«Біз өмірдің гүлiміз» шығармасының әуенін үйрен.
2. Әннің сөзін жатта.

**«Біз өмірдің гүлiміз»**

*Б.Ғизатов.*

Зеңгір көктен
Нұрын төккен,
Ортақ біздің күніміз.
Жайнап өскен,
Жайдары өскен
Біз – өмірдің гүлiміз.

Бал достыққа,
Жолдастыққа
Шақырады әніміз.
Тыныштықта,
Нұр құшақта
Бақыттымыз бәріміз.

## 28-29-сабақ

## «Біз өмірдің гүлiміз» (жалғасы)



**1-тапсырма.** «Біз өмірдің гүлiміз» шығармасының бірінші бөлігін сандық нота нұсқасына қарап ойна. Шығарманы мәнермен жатта.





**«Өсер елдің баласы бірін — бірі батыр» дейді.**

*( мақал)*

**30-31-сабақ**

**«Біз өмірдің гүліміз» (жалғасы)**



**1-тапсырма.** Төменде берілген өлеңді жаттап ал.

Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

*(И.Нүсіпбаев)*



**«Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол»**

*(мақал)*



**2-тапсырма.** Б.Ғизатов. «Біз өмірдің гүліміз» шығармасының екінші бөлігін сандық нота нұсқасына қарап ойна. Шығарманы мәнермен жатта.



**32-33-34-сабақ**
**Қайталау сабағы**





**1-тапсырма.** Жыл бойы үйренген шығармаларды қайталап еске түсір.



**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Домбыра аспабын қандай ағаштардан жасайды?
2. Домбыраның неше пернесі бар?
3. Домбыра ойнағанда басын қалай ұстаймыз?
4. Қайталау белгісі қалай жазылады?
5. Нота ұзақтығы деген не?
6. Бас бармақ қай саусақпен бірге жүреді?
7. «Еркем-ай» шығармасын жатқа ойна.
8. «Құттықтаймын мама, туған күніңмен» шығармасын жатқа ойна.
9. «Біз өмірдің гүліміз» шығармасын жатқа ойна.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. - 74 б.
2. Кюй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
3. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
4. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер, 1992. - 240 б.
5. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
6. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
7. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985. - 60 б.
8. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
9. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
10. Күй керуені. .А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
11. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б.
Қолданылған интернет материялдары:
12. https://www.pinterest.ie/pin/588353138798651065/
13. https://shygharma.info/b-jge-s-jg-likter-sajysy/
14. https://allart.kz/dombra-v-vektore-cdr.html
15. kk.m.wikipedia.org
16.http://www.otbasym.kz/public/index.php/news/kultura/2018-03-08/nauryz-prazdnik-vesny-i-izobiliya
17. «Қазақтың Домбыра өнері». М.Әбуғазы «Нұрсәт» баспасы, Алматы. 2016 ж.
18. https://stihi.ru/2010/05/06/4013
19. https://infourok.ru/merekeler-men-ertegilikter-zhinai-3013922.html
20. https://kopilkaurokov.ru/nachalniyeKlassi/uroki/mienin_suiikti_isim
21. http://shattik.mya5.ru/kontakty-1/?isMobileMode=1
22. https://multiurok.ru/index.php/files/erinshektin-erteni-bitpes-3-synyp-kazak-tilinen-sa.html
23. https://ztb.kz/obsestvo/nauryz-kni-eskeretin-alty-mindet
24.https://kaz.nur.kz/1824479-kazakty-bi-sesenderi-turaly-kansalykty-zaksy-bilesiz.html
25.https://sn.kz/sn-akparat-agyny/58584-aksak-ku-lan-anyzyndagy-akikat-kuidi-zhaksy-tusingen-shyng-yskhan-kalai-mong-ol-atanyp-zhur
26. https://www.opiq.kz/kit/63/chapter/2437
27. https://e-history.kz/ru/contents/view/4219
28. https://kazislam.kz/bala-a-jy-tar-aldynda-besik-zhyryn-aj/
29. https://slides.kz/ulttyk-muzykalyk-aspaptar-slayd/